

Ushqyr oila! Bikkе samǵa! Álemdi sharla!



Farabi

№07
ШІЛДЕ
2024

shákirti

@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАҒЕРЛЕРГЕ,
АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал.

Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады».



(Мемлекет басшысының
«Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатынан.
02 Сәуір, 2019 жыл, Egemen Qazaqstan)

«Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық».

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс»
атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінен:
2024 жылғы 15 наурыз).
Akorda.kz

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына,
сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

№07 (59) шілде 2024

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,
айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КҮӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
капталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

**ДАНАЛАР
ДАНАЛЫҒЫ**

Мақтымқұлы

*«Тау бұлағын тасытты
еркін,
Дала жатыр ашып
көркін.
Мақтымқұлы ғашық
дертін,
Өлеңімен емдер бұл
күн».

«...Жеткен кезде наурыз,
Жапан біткен жаңғырар,
Тұман орап тау басын,
Аспан үрпі салбырар.
Жансыздарға жан бітіп,
Әуен билеп маңды бар,
Жер көгеріп, шөп қаулап,
Мерейін бір

қандырар...».

Батыр болса, бола білсін
қайырлы,
Кеудесі кең, ақыл-ойға
пайымды.

Еңбек етсең арта бермек
мәртебең,
Аймағыңда асатын жан
жоқ сенен.

Қабак шытпа шөл жерде,
Жатпа сырын білдірме.
Жігіт шағың келгенде,
Тісің болса шайна тас.

«Дос келетін болса
достың қасына,
Тебіренеді топырағы,
тасы да.

Жұрт жиналып бір
дастарқан басына,
Бағы жанып, тасар
жұрты түрікменнің»

Аттаныста жігітке
Арындаған ат керек.
Досқа деген құрметке
Жақсы махаббат керек.
Ерлік керек төзбекке,
Жүйрік керек озбаққа:
Жомарт жігіт болмаққа
Ашық көңіл зат керек.
Ойындағы құр қиял –
Мақсат емес жиған мал:
Еңбегіңе бол адал...

Боларсың

Биік таулар, биікпін деп шіренбе,
Бір күн құлап, сен де типыл боларсың.
Терең теңіз, тәкаппарсып түнерме,
Суың кепсе, сен де бір шөл боларсың.
Таудағы аю, арыстан мен барыстар,
Піл мен бір күн тышқан, шыбын алысар.
Сең соғылса, Нілдегі нән балықтар,
Құлаққа ұрған есекке тең боларсың.
Қияметті болжап айтсам ұрпаққа:
Қарау біткен жығылмақшы таяққа,
Залым біткен тапталмақшы аяққа,
Ғаріп біткен әділет шері боларсың.
Тұлпар мініп, сұлу құшқан әуре жан,
Не әкетпекші сонда мынау жалғаннан.
Қор болмақшы ар-иманнан құр қалған,
Ұятты жан, жарық нұрдай боларсың.
Үлгі қылса, тыңдаған жан жұрт сөзінді,
Менменсімей, төмен ұста өзінді,
Ғалымға ерсең, күндей ашар көзінді,
Наданға ерсең, қараңғы көр боларсың.
Лұқмандай тапсаң дерттің дауасын,
Рүстемдей жыртсаң жаудың жағасын,
Іскендірдей алсаң дүние қаласын,
Сонда да бір жермен-жексен боларсың.
Мақтымқұлы, өлшеп сөйле сөзінді,
Асыңды бер қарай-қарай жайыңа,
Дана тапсаң – басыңды қи жолына,
Сонда өзің де кәміл адам боларсың.


Дереккөздері: «EG», «oilar.kz»,
«mtdi.kz»
Сурет: Drive2.ru

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді

Шағын құрамдағы келіссөзден кейін Қазақстан Президенті мен ҚХР Төрағасы екі елдің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің елімізге мемлекеттік сапарын Қазақстан мен Қытай арасындағы мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға деген ұмтылыстың айқын көрінісі деп бағалайтынын айтты.

– Қазақстан елдеріміз арасындағы тату көршілік пен ғасырлар бойғы достықты нығайтуға ерекше мән береді. Біз бірлескен күш-жігеріміздің арқасында өзгелерге үлгі болатын және түрлі бағытты қамтитын мемлекетаралық ықпалдастық орнаттық. Біздің екіжақты қарым-қатынасымыз дамудың жаңа «алтын кезеңіне» өтті деп нық сеніммен айтуға болады. Екі ел арасындағы байланыстар тұрақты әлеуметтік-экономикалық



дамуға, халықтарымыздың әл-ауқатын жақсартуға зор септігін тигізіп отыр. Былтыр өзара тауар айналымы 41 миллиард доллардан асты. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Қазіргі таңда 45 ортақ инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның жалпы құны – 14,5 миллиард доллар. Жобалар өнеркәсіп, энергетика, көлік-транзит, жасыл экономика, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларды қамтиды. Сонымен бірге, екі елдің мәдени-гуманитарлық байланыстары жандана түсті. Жоғары Мәртебелі Төраға, осы жетістіктердің бәрі Сіздің жеке қолдауыңыздың арқасында табысты жүзеге асқанын айрықша атап өткім келеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан Қытайдың бейбіт бастамаларын қолдайды. Сондай-ақ халықаралық құқықтың негізгі қағидаттары мен БҰҰ Жарғысына негізделген әділ әлемдік тәртіпті қалыптастырудағы жетекші рөлі мен елеулі үлесін жоғары бағалайды.

– Сіздің «Адамзаттың біртұтас тағдыры қоғамдастығын құру» туралы бастаманыңды конструктивті рухта қолдауға дайынбыз. Біздің «Біртұтас Қытай» саясатына қатысты ұстанымымыз өзгермейді. Сондай-ақ терроризм, сепаратизм және экстремизм секілді «үш зұлым күшке» қарсы күрес жөніндегі ықпалдастықты қолдаймыз. Қытайдың бүкіл әлем елдерінің егемендігі мен тәуелсіздігін құрметтеуге шақыратын тұрақты ұстанымын бағалаймыз.



Бүгінде Қытай Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі саналатынын бұған дейін де айттым. Өзара тауар айналымын еселеуге мол мүмкіндігіміз бар. Біздің елдің Үкіметі осы мақсатқа жету үшін табанды түрде жұмыс істейді. Қытай Қазақстан экономикасына салынған инвестиция көлемі бойынша жетекші орынға ие. Кейінгі 15 жылда оның көлемі 24 миллиард долларға жетті. Екі ел арасында визасыз режим күшіне енді. Қазір «Қытайдағы Қазақстан туризмі жылы» өтіп жатыр. Мұның бәрі елдеріміздің түрлі саладағы ынтымақтастығын нығайтуға тың серпін береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқанына тағы да куә болғанын атап өтіп, Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен қазақ халқы анағұрлым қуатты әрі өркендеген жаңа Қазақстан құратынына сенім білдірді.

– Ежелгі «Жібек жолынан» тамыр тартатын елдеріміздің достығы мыңдаған жылдар бойы үздіксіз нығайып келеді. Дипломатиялық қатынастар орнаған 32 жыл ішіндегі ынтымақтастық нәтижесінде екіжақты байланыстарымыз мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестіктің бұрын-соңды болмаған деңгейіне көтерілді. Оның арқауы – мәңгілік достық, өзара сенім мен ынтымақтастық. Халықаралық жағдай қалай құбылса да, достықты сақтауға ұмтылысымыз, сан қырлы ынтымақтастықты дамытуға деген

табандылығымыз, негізгі мәселелер бойынша бір-бірімізді өзара қолдауға бейілділігіміз және ұлттық даму міндеттерін орындауға сеніміміз өзгермейтінін растағым келеді, – деді Си Цзиньпин.

Бұдан бөлек, ҚХР Төрағасы Қазақстанның халықаралық аренадағы орта держава ретіндегі конструктивті рөлін қолдады.

Кездесу барысында тараптар электронды коммерция, автомобиль мен автобөлшек өндірісі, көлік-транзит және логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы, қаржы, туризм салаларындағы инвестициялық ықпалдастықты дамыту перспективаларын талқылады.

Екі ел басшылары сауда-инвестициялық ынтымақтастықты жандандыру үшін тиісті механизмдер бар екеніне тоқталып, Қазақстан мен Қытай үкіметтері қазір және келешекте бизнес-жобалардың табысты жүзеге асырылуына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін растады.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин өңіраралық кооперация мен мәдени-гуманитарлық саладағы ықпалдастықты тереңдету жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Астанада Бейжің Тіл және мәдениет университеті филиалы мен «Лу Бань шеберханасының» ашылуын қолдап, екі елдің ғылым және білім салаларындағы байланыстарының кеңеюі екі елдің мүддесіне сай келетінін айтты.

Akorda.kz

Болашаққа берейін сөз кезегін



ҚАНИПА БҰҒЫБАЕВА

ОТАҢЫМ

Айқай сап осынау ғаламға,
Өзім боп өзіңе қол жайғам.
Өзің боп тіл қатып анам да,
Өзің боп сипаған маңдайдан.
Күш алып тауыңнан, тасыңнан,
Бой теңеп өскенмін көкпенен.
Жайқалып сен үшін жасымнан,
Кеудемде махаббат көктеген.
Саянда түлеген құсыңмын.
Саянда қонамын, ұшамын,
Әлемге тосып күн құшағың,
Бар елге тіршілік ұсындың.
Отаным, туған жер, топырақ,
Жараттың жанымды өктем ғып.
Сен үшін кеудемнің отын ап,
Жандырсам бір шырақ, жоқ кемдік!
Өмірге емеспін мен қонақ,
Жанымды арыммен жуғанмын.
Бір тусам анадан іңгалап,
Өзіңнен жүз қайта туғанмын.

ШОПАНҒА

Шаңырақтай көрінген мынау аспан,
Шертеді шопан жайлы мұра-дастан.
Тұлғаңнан көрем анық хас батырды,

Қабағынан мұз еріп, қырау басқан.
Әу баста тигеннен-ақ атқа аяғың,
Дала деген кеуденде ақты ояу үн.
Сенің мынау момақан қойың түгіл,
Дауылдарды иірет ақ таяғың.
Ойыңнан өлмес өмір оты жанып,
Көрген жоқсың бір істен қапы қалып.
Бұлбұлды сайратасың қойыныңнен,
Жер-аспанды көгілдір сахна ғып.
Алдымнан белес-белес қыр домалап,
Бір сәтінді сезінем жылға балап.
Бұлжытпай уақытты білесің сен,
Қолдағы сағатқа емес, күнге қарап!
Жанарға талай-талай жас парлатты,
Осынау тұрғызғанша баспалдақты.
Корабль дәл қасыма қона ма деп,
Бұл күнде шопан шолар аспан жақты!

АҚСУ

Ақсуым, ауасы бал, нұрлы таңды,
Өзіңді өтер ме едім жыр ғып мәңгі.
Ойласам, түнетемін орманы емес,
Әкеліп көз алдыма бір бұтаңды.
Барам ба, төменге, әлде шыңдарға өрлеп,
О жайлы есепті өмір, жылдар бермек.
Ақсуым, жанарыма жас төнеді,
Аһ ұрып біреу айтса туған жер деп.
Ақсуым, атыңды әркез бақ санадам,
Боясам жеңіл сөзбен, дақ саламын.
Мен едім ай құлатып ақ төсіңе,
Ойнаған толқыныңмен ақ шабағың.
Демеймін, бәрі де арман о, күн өткен,
Арманның алғаш сенен отын өпкем.
Шығады саған деген әрқашан да,
Жалын боп сағынышым көкіректен.
Санаға сан тарау ой жамады күн,
Өзінше бастап небір жаңалығын.
Ақсуым, ақ шаңыңда із боп қалған,
Сөйлейді ерке мінез балалығым.
Өр де едім, ерке де едім жерімде мен,
Жақсыдан жаны бір сәт жерінбеген.
Дәл кеше ойда бар ма жүрем деген,
Бір елде атқа ие боп «келін» деген.
Жерім деп кеудесін кім ысытпаған,

Бістығын махаббатың ішіп, қанам.
Асықсам Ақсуыма құс болып-ақ,
Көңілмен бір-ақ сәтке ұшып барам.
Іші емес басқа жердің сырты ұнаған,
Өзіңсіз басқа жерде күлкім алаң.
Айналып аспанменен бірге келген,
Сен жақтың гүлге ұқсайды бұлты маған.
Сен десем, ойға батам, қозғалам көп,
Бір жерден сен аталсаң мәз болам көп.



Мен үшін сол да бақыт – туған жердің,
Самалы сыбырласа өз балам, деп.
Ақсуым, ауасы бал, нұрлы таңды,
Өзінді өтсем деп ем жыр ғып мәңгі.
Ойласам, түнетемін орманы емес,
Әкеліп көз алдыма бір бұтаңды.

Дос көңілін қылаусыз арман етем

Дос көңілін қылаусыз арман етем,
Арманыңды үмітке жалғап өтем.
Көптен күткен менің бір жеңісіме
Қуанатын қол соғып жан бар екен.
Берілмейтін ойларға басқа бөтен,
Түзде адассам, от жанған қосқа жетем.
Жазбай таныр адаспай, көп ішінен
Көретұғын мені де дос бар екен.
Дос көңілінен аспайды басқа мекен,
Досың барда таулар да асқақ екен.
Ашып маған есігін тұратындай
Баспанаға айналып астана кең.
Көз алдында жеңісім, жеңілісім,
Өртке ұқсаған өлеңнің өмірі сын.
Менің адам болуым керек екен,
Елім үшін, достардың көңілі үшін.

Елі бардың еңсесі асқақ екен,
Ел көңілін басыма баспана етем.
Ортақтасып мұңыма менің де бір,
Бақытыма қуанар дос бар екен.
Жаны ауырып толқитын толғағыма,
Тұратұғын қорған боп жел жағыма,
Қуанышты мендегі бірге тойлар
Қуанамын достардың болғанына.

Болашаққа берейін сөз кезегін

Бұл өмірден біреулер жерінеді,
Ерінеді, зерігіп, керіледі.
Кәрі дүние баланың көздеріне
Жаралғандай жаңадан көрінеді...
Адам – арман, кезекпен дабыл қағар,
Тірліктегі қосылып ағынға бар.
Жүрегіңмен жазған жыр, айтқан әнің,
Әр жүрекке әр түрлі қабылданар...
Ай дегенің дөңгелек шарайна екен,
Түнгі аспанға сәулесі тарай ма тең?



Әр нәрсеге жаңалық ашқандай боп,
Сәби көзі таңданып қарайды екен.
Дауылменен күресіп бала шыбық,
Белдескен бір батырдай дара шығып,
Жалындаған осынау жас бала үшін,
Дүние есігі тұрғандай жаңа ашылып.
Биіктерім биікке табынып тұр,
Өмірі өткен сағымдай сабылып құр.
Арманы жоқ «бақытты» біреу үшін
Дүние есігі тұрғандай жабылып бір...
Сезгенімнен көп екен сезбегенім,
Орындатар бұл өмір өз дегенін.
Бүгінімнің бағасын айтып берер
Болашаққа берейін сөз кезегін!..

БЕЛГІЛІ ЖУРНАЛИСТ МҰРАТБЕК ТОҚТАҒАЗИН «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Республикалық «Әділет.Рухани жаңғыру» газетінің бас редакторы Мұратбек Тоқтағазин «Құрмет» орденінің иегері атанды.

Мұратбек Балқыбекұлы Тоқтағазин 1964 жылы 1 шілдеде Семей облысы, Аягөз ауданы, Тарбағатай ауылында дүниеге келген.

1981 жылы Октябрь орта мектебін бітіріп, сол жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түседі. Оны 1986 жылы тәмамдап, арнайы жолдамамен сол

библиографиялық және реферативтік Web of Science, Scopus деректер базаларында 5 ғылыми мақаласы жарияланған.

Мұратбек Балқыбекұлы педагогтік қызметінен бөлек өзінің журналистік мол тәжірибесін күнделікті баспасөзбен тығыз байланыста одан әрі шыңдап отырған. 2011 жылдан бастап "Әділет БАҚ МЕДИА" республикалық газетінің Астанадағы тілшілер қосынының меңгерушісі, осы басылымның бас редакторының орынбасары болса, 2012 жылдан «Әділет» ұлттық апталығының редакторлар Кеңесінің төрағасы, 2019 жылдан бастап «Әділет.Рухани жаңғыру» республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газетінің Бас редакторы. Қоғамдық жұмысқа белсене қатысады. 2012 жылдан бері Бас редакторлар клубының вице-президенті.

М.Тоқтағазиннің шығармашылығы әр кезеңде тиісті бағасын алып отырды. 2000 жылы «Қазақстан Республикасы астанасының үздік журналисі» конкурсының, 2012 жылы республикалық «Асыл сөз күдіреті» конкурсының лауреаты, Қазақстан Журналистер одағы Дипломының иегері (2014). Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты (2015). «PRIMUS INTER PARES (ПЕРВЫЙ СРЕДИ РАВНЫХ)» орденімен, «Европейское качество» (Gold medal "European Quality") алтын медалімен, Халықаралық М.Шолохов атындағы, Л.Гумилев және Ә.Нұршайықов атындағы медальдармен марапатталған. Ресей Жаратылыстану академиясының Құрметті ғылым докторы (DOCTOR OF SCIENCE, HONORIS CAUSA) болып сайланған.

Мұратбек Тоқтағазиннің отандық басылымдарда журналистиканың әртүрлі жанрларында жазылған 300-ден астам материалдары жарияланған. «Деректілік пен көркемдік», «Ақмола үшін айқас», «Кітап басу ісіндегі коммуникативті саясат және жарнама», «Эпистолярные жанры в публицистике Беларуси, России и Казахстана», «Замансөз заңғары» атты кітаптары жарық көрген. Қазақстан Республикасының «Мәдениет саласының үздігі», «Ақпарат саласының үздігі», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Аягөз ауданының құрметті азаматы» және басқа төсбелгілермен марапатталған.

М.Тоқтағазин Халықаралық Ақпараттандыру академиясының, Еуразиялық Телевизия және радио академиясының, Қазақстанның Гуманитарлық ғылымдар академиясының толық мүшесі (академигі), Ресей Жаратылыстану Академиясының корреспондент-мүшесі. Масс-медиа зерттеушілерінің Ұлттық қауымдастығының (НАММИ), Бас редакторлар клубының мүшесі.

**Бас редакторлар клубы қоғамдық бірлестігінің
Ақпарат орталығы**



кездегі Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» (қазіргі «Арқа ажары») газетіне қызметке жіберілді. 1990 - 1999 жылдарда республикалық «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінің Целиноград (Ақмола) облысындағы меншікті тілшісі болып жұмыс істейді.

2000 жылдан бастап республикалық басылымдарда мақалалары, көсемсөздік туындылары жиі шығып, ғылым жолындағы жұмысын жүйелі түрде жүргізе бастады. 2010 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстанның Халық жазушысы Ә. Нұршайықовтың туындылары негізінде «Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы деректік негіз және көркемдік сипат» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 2011 жылдан бастап осы университеттің Баспасөз және баспа ісі кафедрасының доценті, соңғы 5 жылда профессоры ретінде журналистиканың, көсемсөздің өзекті мәселелерін кешенді зерттеп, 2 монография, 2 оқу құралын баспадан шығарып, 10 ғылыми жинақтың құрастырушысы, жауапты редакторы болды. 80-нен астам ғылыми-зерттеу мақалаларын Қазақстанның, Беларусь, Ресейдің және басқа шет елдердің ғылыми журналдарында, халықаралық басылымдарында жариялады. 2018 жылдан бастап әдебиеттану саласы бойынша қауымдастырылған профессор. Әлемдегі ірі

ЕЛ ЖҮРЕГІ - АСТАНА

Қазақстанның астанасын көгілдір экраннан көрсеңіз де өзіңізді басқа әлемде жүргендей сезінесіз. Астана заманауилығымен, сән-салтанатымен кез келген адамды таң қалдырады. Мен спорттық жарыстарға қатыса жүріп, елордада болған едім. Бұл қала шынымен де еліміздің жүрегі және оған барған адам бірден өз үйіндей көріп кететініне сенімдімін.

Ең бірінші көзге түсетін нәрсе - сәулеттің кереметтігі. Мұндағы әрбір ғимарат өнер туындысы іспеттес. Ең әсерлі нысандардың бірі – Бәйтерек. Ұзын бойлы, күндей жарқыраған бұл ғимарат еліміздің биікке ұмтылуын білдіретіндей. Бақылау алаңына көтерілсеңіз қаланың бүкіл панорамасын тамашалай аласыз, бұл шынымен де таң қалдыратын көрініс.

Көшелерді араласаңыз тазалық пен тәртіпті байқайсыз. Астананың көшелері кең де әдемі, айнала жасыл саябақтар мен заманауи ғимараттармен қоршалған. Ерекше әсер қалдыратын орын Астана саябағы қаланың қақ ортасында демалуға және табиғатты тамашалауға болады. Бұл жерден жедел даму мен табиғат арасындағы үйлесімділікті сақтаудың қаншалықты маңызды екенін түсінесіз.

Есте қалатын орындардың бірі Бейбітшілік және келісім сарайы. Бұл Қазақстанның барлық халықтарының татулығы мен бірлігін бейнелейтін пирамида тәрізді бірегей ғимарат. Сарайдың ішінде концерт залы, мұражай, тіпті қысқы бақ бар. Кірген адам мұнда шынымен де бейбітшілік пен келісім атмосферасы бар екенін сезінеді, мақтаныш сезімін оятады.

Қазіргі сәулет өнерінің тағы бір жарқын үлгісі – Хан Шатыр. Бұл алып шатыр түрінде жасалған ең үлкен сауда және ойын-сауық орталығы. Мұнда сіз бәрін таба аласыз: дүкендер мен кафелерден бастап кинотеатрлар мен аттракциондарға дейін. Маған әсіресе басқа өлшемде жүргендей сезім тудыратын интерьер дизайны ұнады.

Астана тек сәулет пен ғимараттар ғана емес, сонымен бірге мұнда тұратын адамдар. Әрбір өтіп бара жатқан адам мейірімділік пен қонақжайлылықты сезінеді. Жергілікті тұрғындармен араласа отырып, олардың өз қаласы мен елін мақтан ететінін түсіндім. Осы отаншылдық сезімі менің бойыма да дарыды.



Мен Отанымыздың дамуына үлес қосқым келетінін сезіндім.

Менің арнамым – Астанадағы өзім қалаған жоғары оқу орнына түсіп, медиа кеңістігінің үздік маманы болу. Мен халқымыздың барлық жетістіктері мен мәдениетін көрсететін жоғары сапалы контент жасағым келеді. Елордада оқу маған бұл үшін барлық қажетті білім мен дағдыларды беретініне сенімдімін.

Астанада мен қазіргі заман мен дәстүрдің үйлесімді өмір сүретінін көрдім. Бұл қала мені жаңа жетістіктерге жігерлендіріп, өз елімнің патриоты болуға деген талпынысты күшейтті. Мен осы ғажайып қаланы сезіну мүмкіндігіне ризамын және болашақта оны бұдан да жақсартпа аламын деп үміттенемін.

Алда көптеген жоспарлар мен армандар бар. Бірақ мен бір нәрсені білемін: өз өмірімді Астанада бастағандықтан, мен оларды жүзеге асырудың алғашқы қадамын жасадым. Бұл қала мен үшін үміт пен шабыттың символына айналды. Алда талай жарқын сәттер мен жетістіктер күтіп тұрғанына сенімдімін, елімнің маған артқан сенімін ақтауға бар күшімді саламын.

Берік ҮСЕНОВ,
Қалаубек Тұрсынқұлов атындағы
мектеп-гимназиясының түлегі.
Түркістан облысы

Клімізде балаларға арналған фэнтези жанрындағы фильм түсірілім жатыр

Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша «Қадам» кинокомпаниясы «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» КеАҚ қолдауымен «Құт» балаларға арналған фэнтези жанрындағы фильм



түсіріп жатыр, деп хабарлады Elorda.info.

«Қазақстанның кино нарығында балаларға арналған шетелдік туындылар басым, сол себептен болар бүгінде жас көрермендерді баурап алатын отандық фильмдер тапшы. Әсіресе, фэнтези жанрындағы фильмдердің жоқтығы ерекше сезіледі. Бұл тапшылық саланың дамымағанының көрінісі ғана емес, сонымен бірге ұлттық бірегейлік пен мәдени мұраны ілгерілету мүмкіндігінен айырылуымыз», - деп көрсетті Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы.

Қазақстандық балаларға арналған жаңа фантастикалық «Құт» фильмі үлкен экранға дәстүрлі фольклор мен заманауи әңгімелердің қайталанбас үйлесімін әкелу арқылы осы бір алшақтықты жоюға тырысады. Қайталанбас оқиғасы және ерекше кейіпкерлері бар бұл фильм нарықтағы жас көрермендердің жаңа буынын Қазақстанның бай мәдени мұрасын тануға шақырады.

Сюжет желісі қазақтың ата-баба рухын қастерлеу дәстүріне негізделген. Жаратушы Тәңірдің өзі өсиет еткендей, біз жерді қорғауымыз керек. Олардың сүйегі жерленген жерді қорлауға және сатуға болмайды, әйтпесе ол жерден құт-береке қашады делінген. Көне түркілердің аңыздары мен мифтерін айтып жүретін бала Қайсардың санасында бұл орныққан ұғым еді. Алайда, қасиетті Бесқарағайға көз салған алып сатарлардың кесірінен бұл жаз Қайсар, Асхат, Дария үшін өзгеше болмақ па?

«Шыны керек, балаларға арналған фильмдердің аздығы мені ойландырды. Өзіміздің бұрыннан келе жатқан аңыздарымызды, ертегілерімізді, баяғы заманда

болған оқиғаларды балаларға фильм арқылы жеткізіп, түсініктерін неге тереңдетпеске? Менің ойымша, бұл бағытта фэнтези жанры керемет жанр. Ең бастысы туындымыз арқылы жас буынды саналы тәрбиелей отырып, патриотизмге баулу», - деді «Құт» фильмінің режиссері және сценарий авторы Айхан Чатаева.

Түсірілімнің негізгі бөлігі Алматы облысында Ақшы, Күрті және Бекболат Әшекеев ауылдарында өтеді. 20 мамыр басталған түсірілім жұмыстары 8 шілдеде аяқталады. Жоба режиссері және сценарий авторы - Айхан Чатаева, қоюшы-оператор - Борис Трошев. Фильмдегі басты рөлдерге ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Қонысбек Бегайдаров, Максотова Айша, Тұрсынқазы Заңғар, Бегайдаров Қонысбек, Бөпежанова Әлия, Ақылбекұлы Бақдәулет түсті.

«Кино нарықтағы кішкентай көрермендердің қажеттіліктерін ескеру мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі, өйткені бұл біз бен сіздің болашағымыз. Балалар киносына тек ойын-сауық контенті ретінде қарамаған жөн. Кино - бұл мүмкіндік, яғни кино арқылы біз өскелең ұрпаққа елге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім, жанашырлық таныту, туған туыс пен жақынды қолдау сынды ізгі құндылықтарды жеткізу мүмкіндігіне ие боламыз. Сондықтан да болар біз «Құт» фильмі арқылы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық тәрбиені



насихаттауға ден қойдық. Түсірілім тобымен бірге атқарылған жұмыстың арқасында, көрерменге мейірім мен шытырман оқиғаға толы туынды ұсынамыз деген сенімдеміз», - дейді «Құт» фильмінің продюсері Мәдина Дүйсембаева.

Торғын Аман

Фото: Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы Elorda.info



Бейжіңде өткен FIRST Lego League робототехника бойынша ұлттық чемпионат аяқталды. Чемпионатқа Қазақстан құрамасы қонақ ретінде қатысты.

Оқушылар «Өнердегі инновация» тақырыбында LEGO-дан робототехника әзірлемелерін даярлап, фокустар көрсету бағдарламасы орнатылған интерактивті роботтар құрастырды. Үш күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы 6-10 жас аралығындағы 238 команданың арасында күміс жүлдеге қол жеткізіп, екінші орынды иеленді.

Еліміздің намысын Жетісу облысының ауыл мектептерінің және Талдықорған қаласының бастауыш сынып оқушылары Нұрсұлтан Бексұлтанов, Нұрболат Алинур және Нұржан Жантөре қорғады. Жаттықтырушы – Альбина Қожантай.

Сондай-ақ дәл осы күні Алматы қаласының жас инженерлері Сиднейде First Lego League Challenge санатындағы Asia Pacific Open Championship чемпионатында беделді Motivate Award жүлдесін жеңіп алды. Қазақстан құрамасына жаттықтырушылар Тимур Мақажанов пен Русланның жетекшілігімен LEAS мектебінің



оқушылары Аружан Мнайдар, Диас Мұратов, Кирилл Медведков, Валерий Протопопова, Никита Хагай, Әзиз Ермекқалиев, Даниэль Ким, Айдар Мұқашбаев және Әлішер Садыров кірді.

Оқушыларымызды жеңістерімен құттықтаймыз!

Естеріңізге сала кетейік, командалар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің қолдауымен Ustem Foundation қоғамдық қоры мен «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған Central Asia FIRST Championship Орталық Азия чемпионаты барысында халықаралық чемпионатқа жолдама алған болатын.

Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайтынан.



ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТАДЫ

Математика пәнінен логикалық ойлауы мықты жастар бизнес тілін меңгеріп, кәсібін дөңгелетіп келеді

«Ойлауды өркендету жолдары. Ойлау - жанның өте бір қиын, терең ісі».

М. Жұмабаев

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» кітабында бүгінгі мектепте оқытатын барлық пәндер туралы айтқан ұсыныстарын білім беру әдістеріне тиімді пайдаланып келеміз. Оның жоғарыда айтқан қағидасы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған. Бүгінде, балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер өте көп. Оқушының айтылғандарды тез қабылдап, ойын тиянақтап, жауап беруі үшін қолданылатын электрондық оқулықтар, компьютер, аудио және бейне материалдар, интернет желісі, тестілеу құрылғылары, электрондық пошта, интерактивті тақта болып табылады, яғни ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын мүмкіндігінше пайдаланып келеміз.

Жолдың бойында орналасқан шағын мекен болғанымен адамдары тату-тәтті, бірлігі мен ынтымағы жарасқан біздің ауыл мектебінен түлеп ұшқан түлектердің туған жерге сіңірген еңбектері ұшан – теңіз. Сол адамдардың барлығы М.Хамраев атындағы орта мектепте білім алған азаматтар. Оқушыларыма математика пәнін қызығып, ондағы формулаларды дұрыс игеріп, оны болашақта өз ісіне тиімді пайдалануы үшін ауыл адамдарының кешегі өнегесі мен бүгінгі жаңа технологияларды меңгере отырып, атқарып келе жатқан игі істерін айтамын. Адам баласының арманы болады. Арманын орындау үшін алдына мақсат қояды. Мақсатқа жетуі үшін математика пәнінің адам өмірінде атқаратын орны бөлек екенін өмірдегі мамандықтар арқылы дәлелдеймін. Өйткені, математика пәнін мектепте оқытудағы міндетім – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін мысалдар, деректер арқылы дамытып, бастар ісі алдында ойланып, мүмкіндігінше қаталеспеуге тырысып, ой түйе, өз бетінше шешімдер қабылдай білуге үйрету.

— Оқушылар, есептендерші, бір айда бір телефонға қанша қаражат жұмсалады? Бүкіл отбасы мүшелерінің телефон бірлігін қосындар, айына отбасы бюджетінен қанша ақша жұмсалады екен?

Бұл сұрақтың жауабы оқушыларды ойландырып қояды. Ұстаз – өз пәнін шәкірттеріне оқытып қана қоймай, оларды әр нәрсені байыбына бара ойланып қадам жасауға үйретеді. Әр оқушының қабілетіне қарай, болашақ мамандығын дұрыс таңдауына ұйтқы болады. Мамандық таңдауда оқушылардың әрқайсысы ата-анасымен ақылдасады. Ал, ұстаз мамандық таңдауда адаспау жолын көрсетеді.

— Математика пәнін ұнататын оқушылар болашақта қандай мамандықты таңдауына болады?

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін арнайы ережелерге жүгіне отырып, сабақ жоспарын құрамын. Мәселен, есепті, жаттығуларды талдай білу іскерліктерін қалыптастыру; сызба графикалық модель бойынша есеп объектілерінің арасындағы байланыстарды түсіндіру; есептегі нақты заттарды оның моделімен ауыстыру; пәнге деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру; сыныпқа дұрыс психологиялық жағдай орнатуға мүмкіндік туғызу. Күнделікті өмірімізде барлығы да оңай, қиындықсыз шешілетін мәселе болмайды. Осындай тұста оқушыны қиыннан жол таба білу жолдарын бірге талқылай отырып, есептерді шығарамыз. Яғни, оқушылар кез келген іске сыни тұрғыдан қарап, соған лайық өз пікірін айта алатын дәрежеде болуы қажет. Сондықтан, бағдарламада көрсетілгеніндей, сыни тұрғыдан ойлауға арналған жаттығуларды орындаймыз. Тұрақты оқу. Ақыл картасы. Ғылыми әдісті қолдану. Логикаға негізделген ойындар мен басқатырғыштарды жаттықтыру. Дыбыстық дәлелдер және логикалық қателер. Рефлексиялық жазу. Әртүрлі көзқарастарды түсіну әдістері мектеп оқушыларының математикалық жаттығуларды орындағанда қолданса, әрқайсысы өз кемшіліктері мен жетістіктерін көре алады.

СЕЙТОВА Меймангуль Пайзуллаевна,
Алматы облысы, Ұйғыр ауданы,
М.Хамраев атындағы орта мектебінің
математика пәні мұғалімі

Қазақстанда граффити салғандар 6 жылға бас бостандығынан айырылады – Прокуратура



ERNUR.KZ. Астана прокуратурасы Қазақстанда граффити салғандар 3 жылдан 6 жылға дейін бас бостандығынан айырылатынын ескертті, деп жазады stan.kz. Прокуратураның дерегінше, елордада түрлі есірткі өнімдерін жарнамалаумен және сатумен айналысатын сілтемелер мен сайт мекенжайлары бар граффити жазуларын анықтау және жою (бояу арқылы) бойынша рейд жүргізілді. Рейдке мәслихат депутаттары, әкімдік, полиция қызметкерлері және еріктілер шықты. "Граффити жазуларын қолданған және бұл ақпаратты интернетте таратқан азаматтарға ҚК-нің 299-1 бабы (Есірткі, психотроптық заттарды немесе сол тектестерді, прекурсорларды насихаттау немесе

заңсыз жарнамалау) бойынша қылмыстың ауырлығына сәйкес 3 жылдан 6 жылға дейін бас бостандығынан айырылады", – деп мәлімдеді Астана прокуратурасы. Еске салайық, бұған дейін ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев вандализмге қарсы жаза күшейтілетінін айтты. Бұрын вандализммен жазаға тартылғандарға 100 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде айыппұл салынатын. Енді бұл 200 АЕК-ге көтерілді. Әкімшілік жаза ретінде құқық бұзушыны бұрын 40 тәулікке қамасақ, қазір 50 тәулікке қамау жазасын қолдануды көздеп отырмыз. Егер бірнеше адам болып заң бұзса, 3 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Өртенген үйден інісін аман алып шыққан 10 жасар Артур өскенде құтқарушы болам деп шешті



Ақмола облысы ТЖД 10 жасар ержүрек баланы марапаттады.

Артур Гаитов өзін батыр деп санамайды, алайда үйінен өрт шыққан қиын сәттегі әрекеті кез келген құрметке лайық.

Төтенше жағдай басталғанда ол абдырап қалмай, бірден үйдегі электр қуатын өшіріп, өрт сөндірушілерді шақырған.

Сосын бір жасар інісін қолына алып, терезеден шығып кеткен.

Футбол ойнап аяғын жарақаттап алған ол сол кезде гипспен жүрген.

Ақмола облысы ТЖД бастығының орынбасары Асхат Ақылжанов ТЖ министрінің жарлығымен 10 жасар батырға «Өрте көрсеткен қайсарлығы үшін» медалін табыстады.

Айтпақшы, оқушы болашақта құтқарушы боламын деп шешті.

Ақмола облысының ТЖД Баспасөз орталығынан

Астанада түрікмен халқының ұлы ойшылы, көрнекті ақын Мақтымқұлыға арналған ескерткіштің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев пен Түрікменстан Халк Маслахатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов қатысты.



Мәулен Әшімбаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов түрікмен ақыны Мақтымқұлы Пырағының ескерткішін ашты

Мәулен Әшімбаев меймандарға ілтипат білдіріп, Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы тереңнен тамыр тартатын бауырластық және достық қарым-қатынастың маңызы зор екенін айтты. Сондай-ақ ол бүгінгі тиімді мемлекетаралық ынтымақтастық екі елдің басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар Бердімұхаммедовтің өзара құрметке негізделген байланысының және Халк Маслахатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовтің белсенділігінің нәтижесі екеніне назар аударды.

«Қазақстан астанасында Мақтымқұлы ескерткішінің ашылуы халықтарымызды байланыстыратын рухани сабақтастықтың жарқын көрінісі екені анық. Алдағы уақытта Ашхабадта қазақтың ұлы ойшылы және бас ақыны Абайға арналған ескерткіш орнатылады. Бұл екі оқиға символикалық мәнге ие», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Спикері Абай мен Мақтымқұлының философиясы, поэзиясы, айтар ойы мен өсиеті үндес екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ол Мақтымқұлының шығармашылығы түрікмен халқының даналығы мен парасатына табан тірейтінін, ақынның мұрасы бүкіл адамзатқа ортақ игілік екенін атап өтті. Мәулен Әшімбаев Астанада Мақтымқұлы ескерткішінің ашылуы Қазақстан мен Түрікменстан халықтарының достық байланысын одан әрі нығайтуға тың серпін беретінін де айтты.

«Философтың ғажайып туындылары мен өсиеттері 300 жылдан бері туған жұртының асқақ рухымен және жасампаз қуатымен бірге жасап келеді. Мақтымқұлының шығармалары түрікменнің төл құндылықтарынан нәр алады. Шын мәнінде, ақынның мұрасы – адамзаттың алтын қорына қосылған құнды еңбек және Орталық Азия халықтарының ортақ қазынасы», – деді Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы.

Сондай-ақ салтанатты рәсімде ақынның 300 жылдығы Қазақстанда да кең көлемде аталып өтіп жатқаны айтылды. Мерейтой аясында ғылыми конференциялар ұйымдастырылды. Одан бөлек, Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрлігі Мақтымқұлы атындағы Халықаралық сыйлық тағайындау туралы бастама көтерді. Астанада аталған ескерткіштің ашылуы Түрікменстанның Қазақстандағы мәдениет күндері мен Қазақстанның Түрікменстандағы мәдениет күндері аясында өткізіліп отыр. Мұндай қадам екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуға және қазақ-түрікмен халықтарының рухани байланысын арттыруға оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Айта кетейік, 2024 жыл түркі әлемінде Мақтымқұлы Пырағы жылы болып жарияланды. Ал, ақынның мерейтойы ЮНЕСКО-ның атаулы даталарының тізіміне қосылды.

(Сенаттың Баспасөз қызметі)



Мақтымқұлы - күллі түркіге ортақ тұлға

Мақтымқұлы 1724 жылы қазіргі Иранның Гүлстан провинциясындағы Гонбаде Қабус қаласына жақын орналасқан Қажыгушан (Нажугоушан) ауылында дүниеге келген. Әкесі Дәулетмамбет Азади өз дәуірінің айтулы ақындарының бірі болған. Мақтымқұлының ақындық жолға түсуіне әкесі көп үлгі болса керек. Бұл туралы ол: «Ғылым үйреткен ұстаз – әулие» деп жазады. Одан сырт шешесінің, ауылдың қарияларының аузынан көптеген халық аңыз-әңгімелерін, өлең-жырларын, ертегі-әңгімелерін тыңдап өскен. Мақтымқұлы әкесі Дәулетмамбет Азади жазған шығармалардың көбін жатқа білген. Ол алғашында ауыл медресесінде оқыды. Алғашқы ұстазы Нияз-Салих болды.

Мақтымқұлының дарынын, оқуға деген құштарлығын сезген әкесі оның ғұлама болып қалыптасуына жол ашады. 18 ғасырда ол аймақтарда сапалы медреселер болмаған болса керек. Сондықтан Дәулетмамбет баласын Халаждың Ғызылаяқ (Налажуй Гузылаяк) ауылында тұратын сол кездегі мықты оқу орыны саналатын Ыдырыс Бабаның медресесіне оқуға жібереді. Мақтымқұлы біраз уақыт осы медреседе оқыған. Одан кейін Бұхараға барып, сол жерде Көкілташ медресесінде екі жыл оқиды. Шахир медресесінде сабақ беретін түрікмен азаматы Нұр Қазім ибн Бахрмен де кездесіп, достасады. Бірақ медреседегі шәкірттердің тәртіпсіздігі Мақтымқұлының бұл медреседен кетуіне себеп болады.



Мақтымқұлы толық білімді Хиуадағы «Сырғазы» медресесінде алады. «Сырғазы» медресесінде оқыған 3 жылда медреседегі дәрістерден тыс шығыстың көрнекті ақындары: Низами, Насими, Физули, Науаи сынды т.б. шайырлардың шығармасымен танысады. Ол сол шақта медресе шәкірттерінің арасында атын шығарып, дарынды шәкірттер қатарына қосылды.

Осылайша Мақтымқұлы түрікмен, парсы, араб тілдерін меңгеріп, сауатын ашты. Кейбір деректерге қарағанда ол ақындығы, қайраткерлігінен тыс зергерлік бұйымдар сияқты ата кәсіпті де шебер меңгергенін, күміс пен алтыннан түрлі бұйымдар жасағаны туралы айтылады.

Ақынның жеке өмірі туралы көп мәліметтер кездесе бермейді, тек ерте қайтыс болған ұлдарына арнап «Іздеуге бола ма», «Мүбтела қылда» деген шығармаларын жазғаны туралы деректер бар.

«Мақтымның құлы» деген мағынаны білдіретін Мақтымқұлының есімі түркімен қауымындағы қастерлі есімдерінің бірегейіне айналады. Ақын өзінің әдеби шығармаларында өз есімінен басқа «Пырағи» деген ерекше қалам атын иеленеді.

Мақтымқұлы көзі тірісінде білімінің өрісін кеңейту үшін көп елге саяхат жасаған. Ол саяхат жасаған елдердің қатарында қазіргі Әзірбайжан, Үндістан, Иран және Өзбекстан мемлекеттері болды.

Өз елінің Иран шахы мен Хиуа хандарының отарлық езгісінде қалғанын анық сезінген ақын, түркімен ұлтының азаттығы мен бостандығы жолында көптеген толғаулар мен жырлар жазады. Ұлтының ертеңі үшін алаң болған ақын философиялық астары терең, ұрпаққа берер тәрбиелік мән-мағынасы мол мұра қалдырады. Мысалы, «Боларсың», «Мақтымқұлдың термесі», «Күндерім» сынды термелері қазақтың дәстүрлі ән орындаушыларының да ән қоржынын толтырғаны белгілі.


Мақтымқұлы Пырағидің мерейтойы 2024–2025 жылдарда ЮНЕСКО-ауқымында атап өту үшін атаулы күндер тізіміне енгізілді, сондай-ақ Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ) 2024 жылды Мақтымқұлы Пырағи жылы деп жариялады.

Қазақтың әр кезеңдегі көрнекті ғалымдары, оның ішінде академиктер Мұхтар Әуезов, Зәки Ахметов, Рахманқұл Бердібай, Серік Қирабаев, Уәлихан Қалижан, Бауыржан Омаров, «Қазақ-түрікмен әдеби байланыстары» монографиясының авторы Сағынғали Сейітов өз ғылыми еңбектерінде Мақтымқұлының жеке өмірі мен шығармашылық мұрасы туралы толғамды пікірлер жазады. Олардың ұлы ақынға деген құрметі, қарым-қатынасын Зәки

Ахметовтің сөзімен түйіндеуге болады: «Мақтымқұлының данышпандығы – бұл адам ойы мен рухының көкжиегінде жарқыраған жұлдыз секілді... Мақтымқұлы Қазақстандағы ең танымал және сүйікті ақындардың бірі деп айта аламыз».

Жақсыбек Қақан,
adebiportal.kz; cyper: Orient.tm

Алғашқы инженер және теміржол салу



Қазақтар арасындағы алғашқы инженер Мұхамеджан Тынышбаев Ресей империясы мен Совет Одағының теміржол инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосты. Оның қызметі XIX ғасырдың аяғынан XX ғасырдың басына дейінгі кезенді қамтиды және тек инженерлік жетістіктерімен ғана емес, сонымен қатар саяси және қоғамдық өмірге белсенді қатысуымен де ерекшеленеді.

Мұхамеджан Тынышбаев 1879 жылы 12 мамырда Жетісу облысында дүниеге келген. Табандылық пен білімге деген ұмтылыстың арқасында ол алдымен Верныйдағы (қазіргі Алматы) гимназияда білім алды, содан кейін 1906 жылы инженер дипломымен бітірген Санкт-Петербургтегі Императорлық қатынас жолдары институтына оқуға түсті.

МАНСАПТЫ БАСТАУ ЖӘНЕ ТЕМІРЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ

Институтты бітіргеннен кейін Тынышбаев Ресей империясының әртүрлі аймақтарында теміржол құрылысында жұмыс істей бастады. Ол Түркістан өлкесін Ресейдің орталық аймақтарымен байланыстыратын Орталық Азия теміржолы сияқты маңызды магистральдарды жобалауға және салуға қатысты.

Ол қатысқан негізгі жобалардың бірі Ташкент пен Орынбор арасындағы теміржол учаскесінің құрылысы болды. Бұл жоба аймақтың экономикалық дамуы үшін ғана емес, сонымен бірге Ресей империясының Орталық Азияға саяси және әскери бақылауын нығайту үшін де маңызды болды.

ТЕМІРЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Тынышбаев өзінің инженерлік тәжірибесінде жобалау мен басқарудың керемет дағдыларын көрсетті. Оның жұмысына таулы жерлерде Көпірлер мен туннельдер салу және үлкен құрылыс



бригадаларын басқару сияқты күрделі инженерлік міндеттер кірді. Оның тәсілі сол кездегі озық технологияларды жергілікті жағдайларды терең түсінумен үйлестірді, бұл құрылыс барысында



Алайда оның ұлт-азаттық қозғалысқа белсенді қатысуы Кеңес өкіметінің назарын аударды. 1937 жылы ол тұтқындалып, көп ұзамай контрреволюциялық әрекетке қатысты айыппен атылды.

МҰРА

Мұхамеджан Тынышбаев Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия тарихында елеулі мұра қалдырды. Оның теміржол инфрақұрылымын дамытуға қосқан үлесі аймақтың экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал етті.

Тынышбаевтың құрметіне көшелер, мектептер мен оқу орындары аталды, ал оның өмірі мен қызметі патриотизм мен кәсібиліктің үлгісі ретінде зерттеліп, құрметтелуде.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Мұхамеджан Тынышбаев-адамның жоғары кәсіби жетістіктерін белсенді қоғамдық және саяси қызметпен ұштастыра алатынының жарқын мысалы. Оның теміржол құрылысындағы жұмысы Орта Азияның инфрақұрылымы мен экономикасының дамуына айтарлықтай әсер етті,



ал өз халқының құқықтары мен бостандықтары үшін күресі қазақ халқының ұлттық қозғалысының маңызды беті ретінде тарихқа енді. Оның мұрасы прогресс пен әділеттілікке ұмтылатын инженерлер мен қоғам қайраткерлерінің жаңа буындарына шабыт ретінде қызмет етеді.

туындаған бірегей инженерлік мәселелерді шешуге мүмкіндік берді.

Тынышбаев сондай-ақ құрылыс пен жұмысты ұйымдастырудың жаңа әдістерін әзірлеуге үлес қосты, бұл теміржол құрылысын жеделдетуге және арзандатуға ықпал етті. Оның тәжірибесі мен білімі аймақтағы одан әрі жобалар үшін негіз болды.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ ӨМІРДЕГІ РӨЛІ

Тынышбаев өзінің инженерлік қызметінен басқа саяси процестердің белсенді қатысушысы болды. Ол 1906 жылы Түркістан өлкесінен бірінші шақырылған Мемлекеттік Думаның депутаты болып сайланды, онда мұсылман халқының құқықтары мен мүдделерін белсенді қорғады. 1917 жылы революциялық оқиғалар кезінде ол Алаш автономиясының, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшыларының бірі болды.

Саяси салада Тынышбаев қазақ халқының автономиясы мен өзін-өзі басқаруын, экономикалық және әлеуметтік реформаларды, білім беру жүйесін жақсартуды және шаруалар мен жұмысшылардың құқықтарын қорғауды жақтады. Оның Мемлекеттік Думадағы қызметі ұлттың мәселелеріне назар аударуға және оларды шешудің жолдарын іздеуге бағытталған.

СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ҚУҒЫН-СҮРГІН

Совет үкіметі орнағаннан кейін Тынышбаев өзінің инженерлік қызметін жалғастырып, темір жолдарды жобалаумен және салумен айналысты.

Асқар Ануарбеков
Автор: E-history.kz
Суреттер: «Ана тілі» газеті;
«Қазақстан теміржолшысы»

1 қыркүйектен бастап мектептерде қауіпсіздік сабақтары енгізіледі



Жасөспірімдер арасындағы буллингпен күрес мақсатында, жаңа оқу жылынан бастап мектептерде арнайы бағдарлама мен қауіпсіздік сабақтары енгізіледі. Бұл туралы Президент қабылдауында болған Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева айтты. Жаңа заң аясында «111» бірыңғай байланыс жүйесі іске қосылды.

Сондай-ақ мектептерде буллингпен күресу үшін KiVa бағдарламасы және биыл қыркүйек айынан бастап оқушыларға қауіпсіздік сабақтары енгізіледі.

Балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызметкерлері үшін арнайы оқу курсы басталады. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарын күшейту мәселесі пысықталып жатыр. Бұдан бөлек, «Самұрық-Қазына» мен «Қазақстан халқына» және «Қамқорлық» қорларымен серіктестік негізде, 6 аутизм орталығы мен 11 өңірлік оңалту орталығы ашылды. Президент балалар мен жөспірімдер арасында суицидке итермелейтін жағдайлардың белең алуына жол бермеу үшін кешенді шаралар қабылдау қажет екенін айтты.

Динара Зәкиева, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл:

– 111 сенім телефонының ашылуымен айналыстық. 10 айдың ішінде 13 мың өтініш бойынша жұмыс істедік. Сондай-ақ Мемлекет басшысына ауылда тұратын балаларға арналған инфрақұрылымды дамыту бойынша сонымен қатар жетім балалардың үй мәселесіне қатысты ұсыныстарымды жеткіздім.

**Шерхан Жамбылұлы,
«Qazaqstan» ұлттық арнасы**

Судағы балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Премьер-министрдің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев министрлік балалардың судағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қандай шаралар қабылдағанын айтты, - деп хабарлайды Egemen.kz.

Министрдің айтуынша, мектептерде 4 пән бойынша жалпы 38 сабақ қауіпсіздік тақырыбына арналған. Сонымен қатар биылғы оқу жылында 2 327 тиісті сынып сағаты ұйымдастырылды.

—Жаз мезгілінде барлық өңірлерде мемлекеттік органдар мен әкімдіктер өкілдерінің бірлескен мониторингтік топтары құрылды. Мониторинг топтар су қоймаларының жанында орналасқан қала сыртындағы 31 лагерлер мен 127 бассейндерді қауіпсіздік тұрғысынан зерделеді, оларға санитарлық бақылау күшейтілді. Жазғы демалысты ұйымдастырушыларға арналған балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету тақырыбында республикалық 3 семинар-кеңес өткізілді», - деді ведомство басшысы

Ал, жаңа оқу жылынан бастап барлық мектептерде 1-11 сынып оқушыларына, сынып сағаттары аясында апта сайынғы қауіпсіздік сабақтары енгізіледі.

Бұдан бөлек биыл осы тақырыпта сыныптан тыс



1852 интерактивті ашық сабақ және 1162 оқу-жаттығу өткізілді.

Бүгінде білім беру ұйымдарында 10476 қауіпсіздік бұрыштары орнатылған, 2800 «Жас құтқарушы» үйірмелері жұмыс істейді.

— Жалпы жазатайым оқиғалардың 95% шомылуға тыйым салынған жерлерде болады. Осыған байланысты мемлекеттік органдар мен әкімдіктер суға түсуге тыйым салынған және рұқсат етілген орындардың тізімін жаңартып, құтқару кезекшілігін ұйымдастырып, ескерту белгілерін орнату жұмыстарын күшейтуі қажет», - деді Ғани Бейсембаев.

Фото: Egemen Qazaqstan/Ерлан Омаров



ӘЛЕМДЕ ЕКІ ҚАБАТТАН ТҰРАТЫН ПОЙЫЗДАРҒА СҰРАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ

Пойызбен жүретін жолаушылар санының артуына байланысты дамыған елдерде екі қабаттан тұратын пойыздар желіге көптеп шыға бастады. Жақында Канада да CRRC компаниясы жасап шыққан екі қабатты пойыздар іске қосылды.

Канаданың Ехо жолаушылар тасымалы операторы Үлкен Монреальдағы 12 (Сен-Жером) қала маңындағы желісіне 2024 жылдың 25 маусымынан бастап қытайлық CRRC (China Railway Rolling Stock) компаниясына тапсырыс берілген 44 екі қабатты вагонның алғашқы алтауын іске қосты. Вагондарды динамикалық тестілеу 2023 жылдың мамырының басталған. Барлық вагондар 2025 жылдың жазына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Ехо оператор бес желіден тұратын 225 км желіде жұмыс істейді. Ұзындығы 63 км-ге жуық қала маңындағы 12-ші желіде 14 станция бар, бұл адам легі өте жоғары станциялар.

Үлкен Монреаль көлік жүйесіне (Réseau de Transport Métropolitain/RTM) 24 вагон жеткізу жөніндегі келісім-шарт 2017 жылы жасалған. 2019 жылы тапсырыс беруші қосымша 20 вагон сатып алу мүмкіндігін пайдаланған. Осылайша, Ехо операторы барлығы 44 автокөлік алмақ, оның ішінде сегізі басқару кабинасы бар және 36-сы тіркемелі.

CRRC компаниясы вагондарының барлық құрамдас бөліктерінің 70%-на дейін өздері өндірген, ал орындық сияқты бөлшектерін канадалық компаниялар жеткізген. Тапсырыстың жалпы құны 206 миллион канадалық долларға бағаланған. Қаржыландыруды Квебек провинциясының билігі транзитке қоғамдық көмек көрсету бағдарламасының (PAGTSP) бөлігі

ретінде іске асырып отыр.

Әрбір екі қабаттан тұратын вагон 147 жолаушыны қабылдауға арналған. Вагондар USB порттарымен және электр көздерімен жабдықталған. Оған қоса қозғалыс мүмкіндігі шектеулі жолаушылар үшін қолжетімді ортаны құру талаптарына жауап береді. Жаңа вагондардың бір ерекшелігі қатарлар арасындағы жолдар кеңірек, сонымен қатар велосипедтер мен арбалар үшін қосымша орын қарастырылған.

Айта кету керек, Батыс Еуропа мен Ресейде екі қабатты пойыздар негізінен қала маңындағы және аймақтарда қолданылады. Дегенмен, екі қабатты жылжымалы құрамды қалааралық және халықаралық тасымалдауда, оның ішінде ұйықтайтын вагондарды пайдалану нұсқалары белсенді түрде әзірленуде. Екі қабатты ұйықтауға болатын вагондардың сыйымдылығы қарапайым көліктерге қарағанда бір жарым есе көп. Олар 50-52 жатын орынды сыйдыра алады, ал дәстүрлі вагондарда тек 34-36 орын бар.

Кейбір Батыс Еуропа елдерінде екі қабатты вагондарда 160-тан астам орын бар. Оның үстіне, екі қабатты вагондардың ұзындығы бір қабатты вагондардың ұзындығынан аздап ерекшеленеді - 25 м-ге дейін Франция мен Италиядағы екі қабатты вагондардың биіктігі - 4320 мм, ал Бельгияда - 4430 мм. Екі қабатты пойыздардың көпшілігі локомотивті қашықтан басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін бас вагондары бар локомотивпен тартылатын пойыздар болып табылады және «тарту» схемасы бойынша шаттл пойыздар ретінде басқарылады.

«Қазақстан теміржолшысы»

ӨТКЕННІҢ ЖАРАСЫ ЖАЗЫЛАДЫ~АУ, АЛДАЙДА ОРНЫ ҚАЛАДЫ Әңгіме

Ауылдан түлеп ұшып, танымал болған тұлғаларды, кәсіпкерлерді, облыстық, республикалық деңгейде қызмет етіп келе жатқан адамдарды аудан әкімшілігіне шақырып, кеңес өткізілді. Солардың қатарында болған ол шетелде істеген қызметі кездеріндегі ауыл-аймақтың инфрақұрылымын цифрландыруға байланысты ойларын ортаға салды. Әрине, өзінің жаңа жобаларын іске асыру үшін инвестиция құю керек. Яғни, өзіне тиісті бірнеше ауылда құрылыс нысандарын жүргізу туралы айтқан ұсынысын көпшілік қабылдап, басқа тұлғаларда өз тараптарынан өзіне көмектесетіндерін айтып, жұмысшылар құрамын жасақтап штат ашу, жұмысшы қауіпсіздігінің сақталуы, айлық жалақысы мен жатақхана жабдықтары, оған қажетті бірнеше жатын вагондар, жұмысшыларды ыстық тамақпен қамту, азық-түлігі, жұмыс киімі, техникамен жабдықтау, техникалардың қосалқы бөлшектері, әр салаға қажетті құрылыс материалдарының шығындары есептелген соң, соған қарай, өзі ірі жобаға инвестор болатын болып келісіліп, жиналыстан шықты.

